

Орындаған: Нургалиева Жамиля Балгазықызы

ҚАҒБА ТУРАЛЫ ҚЫЗЫҚТЫ 10 ЖАЙТ




Әлемде миллиондаған адамдарға Меккеден артық мәртебелі, қасиетті жер жоқ шығар. Объективті көзбен қарасақ, Хиджаз алқабындағы Аравия жер бетіндегі ең танымал мекен болып табылады.

Мыңдаған адамдар Қағбаны жиырма төрт сағат бойы айналып жатады. Қасиетті Қағбаның суретімен миллиондаған үйлер ашекейленіп, күніне бес рет миллиардтаған адамдар оны тамашалайды. Бұл ғимарат адамзат тарихындағы ең танымал жерлердің бірісінің ортасында орналасқан.



10. Қағба бірнеше рет қайта тұрғызылған

Бүгінгі таңда көріп отырған Қағба Ибрахим (а.с.) мен Ысмайыл (а.с.) пайғамбарлар салған ғимаратқа мүлдем ұқсамайды. Уақыт өте келе табиғи және техникалық апаттарға байланысты ол қайта құруды қажет етіп тұрды. Пайғамбарымыз Мұхамедтің заманында оған пайғамбарлық міндеті келмей тұрып Қағбаның күрделі қайта құрудан өткені бәрімізге белгілі. Бұл пайғамбарымыздың (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын) Қара Тастың астына мата қойып, сол арқылы әр тайпаның көсемі көтере алатындай етіп ұсыныс жасап, үлкен қантөгісті болдыртпаған оқиғасымен дәлме дәл келеді. Сол кезден бастап күрделі құрылыс жұмыстары бірнеше жүзжылда бір рет өткізілетін болды. Соңғы құрылыс 1996 жылы өткізіліп, үлкен жұмыстар атқарылды: тастары, шатыры ауыстырылып, іргетасы бекітілді.





9. Алғашында оның екі есігі және терезесі болатын



Алғаш кезде Қағбаның кіруге және шығуға арналған екі есігі, сонымен қоса терезесі бар еді. Қазіргі Қағба терезесіз тек бір есігі бар.





8. Қағба түрлі түсті еді


Алтын өрнектермен ашекейленген қара түсті Қағбаға көзіміз әбден үйреніп, оны басқа түсте елестетуімізге қиын болар. Оны қара түспен жабу дәстүрі Аббасидтер кезінде келді. Оған дейін Қағба әр түрлі түстермен, соның ішінде жасыл, қызыл және ақ түсті болатын.



7. Оның кілті тек бір ғана әулеттің иелігінде

Пайғамбарымыздың (Алланың игілігі мен сәлемі болсын) заманында Қажылықтың әр рәсімі құрайыштықтардың белгілі бір топтарының қол астында болатын. Бір топтан басқасының барлығы бұл құзырдан айрылып қалады. Мекке алынғаннан кейін Алла елшісі (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын) кілтті өзіне алып қалудың орнына Бани Шаиба әулетінен шыққан Осман ибн Талхаға ұсынады. Бұл әулет көптеген жылдар бойы Қағбаның қорғаушысы болып келеді, пайғамбардың өзі кілтті ұсынған кезде «Уа, Бани Талха бұны ал, әділетсіз, зұлым басшы келмесе, Қиямет күнге дейін сендер оны иелік етесіңдер» деу арқылы өзі Қағбаның кілтінің иесін тағайындап кеткен іспетті.





Қазіргі күнге дейін, халифтар, сұлтандар мен патшалар сияқты жоғары лауазымды тұлғалар пайғамбардың (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын) сөздеріне бойсұнып, Қағбаға кіру үшін бұл кішкентай меккелік жанұядан рұқсат сұрайды.

6. Қағба есігі барлық адамдарға ашық еді

Осы уақытқа дейін барлық қалаған адамдар аптасына екі рет Қағбаның ішіне кіріп, намаз оқуларына мүмкіндіктері бар еді. Алайда, қажылыққа барушылардың санының өсуіне және басқа да факторларға байланысты, оның есігі жылына екі рет жоғары лауазымды тұлғалар мен ерекше қонақтар үшін ғана ашылады.



5. Айналасында жүзуге тура келетін де күндер болды

Қағбаның шешілмеген мәселелерінің бірі, оның алқаптың төменгі жағында орналасқандықтан жаңбыр кезінде жиі су басып кететіні еді. Су тасқындарымен күресетін су құбырлары жүйесі ретке келтірілгенге дейін, Меккеде су тасқындары жиі орын алатын құбылыс еді. Тіпті, бірнеше күндер бойы Қағба жартылай суға батып тұрған кездер де болған. Әрине, бұл құбылыс оны тәуәп етуге ниеттенген қажылық етушілерді еш тоқтатпады. Олар не істеді десеңіз? Жай ғана айналасында жүзіп жүрді.

Заманауи құрылғы мен технологиялар бұл мәселені шешуге көмектесті, бұндай құбылысты қайта көруіміз екі талай.





4. Қағбаның ішінде оның қайта тұрғызылуына ат салысқан басшылардың есімдері жазылған

Ұзақ уақыт бойы көптеген адамдар Қағбаның ішкі көрінісін көруге қызығушылық білдіретін еді. Ішінде болған адамдардың сипаттамаларының рас-өтірігі белгісіз. Бұл бір бауырымыздың Қағбаның ішіне бейне таспамен кіруге қол жеткізгенге дейін орын алды. Таспаның сапасы нашар болғанына қарамастан қызығушылығымызды қандырдық десек те болады. Қазіргі таңда Қағба іш жағынан мәрмәрмен, жоғарғы қабырғалары жасыл шұғамен қапталған. Тақтайшаларда барлық ел билеген басшылар мен оның қайта тұрғызылуына ат салысқан тұлғалардың есімдері жазылған.

3. Расында Қағба екеу



Қағбаның дәл төбесінде, аспанда оның көшірмесі бар. Ол Құранда және Пайғамбарымызбен (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын) айтылған болатын. Алла елшісі (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын) Миғраж сапарын баяндаған кезде былай деген: « ... Одан кейін маған әл-Бәйт уль-Маъмур (Алланың Үйі) көрсетілді. Мен Жәбірейілден «Бұл не?», - деп сұрағанымда ол: «Бұл әл-Бәйт уль-Маъмур. Күніне жетпіс мың періште бұл жерде құлшылық жасайды, олар бір қайтқанда екінші қайта келмейді. Олардың орнына басқа періштелер келеді, солай күнде жалғаса береді».



2. Қара Тас қақ жарылған еді

Қазіргі таңда біз Қара Тасты үйреншікті күміс жиектемеде көріп үйренген едік. Алайда, ол әрқашан бұндай көріністе емес еді.

Меккені Абдулла ибн Зүбәйр басқарған уақытта Омейядтықтар шабуылынан бұл тас жарылған деген пікір бар. Алайда ең кеңжайылған пікір Бахрейннен шыққан еретикалық исмаилиттер тобымен байланысты. Бұл топ өкілдері Қажылықты «діни ырымшылдық» деп айыптады. Олар Меккеге шабуыл жасап, он мыңдаған қажыларды өлтіріп, денелерін зәм зәм құдығына лақтырып кеткен еді.

Қара Тасты ұрлап, басында Шығыс Аравияға, кейін Куфа мен Иракқа әкетеді. Біраз уақыт өткен соң, Аббасид халифының үлкен құн төлеуімен қайтарылғанға дейін сол қалада болатын. Меккеге қайтарылған Қара Тастың кішкентай бөліктерге бөлініп қалған себебінен, оны жинаудың жалғыз әдісі жиектемеге салу еді. Тарихшылардың сөзіне жүгінсек, Қара Тастың барлық бөліктері Меккеде сақталмай, жетпеген бөлшектері де бар екені анықталған.





1. Әлемдегі ең үлкен текше (куб) алғашында басқа пішінде еді

Басында, Қағба жартылай дөңгелек пішінде болған еді, оның қалдығы қазір Исмайылдың Хиджры деп аталады. Алла елшісіне (Алланың игілігі мен сәлемі болсын) пайғамбарлық міндеті келмей тұрып, құрайыштықтар Қағбаны қайта тұрғызу жұмыстарына тек адал табыс көзінен түскен ақшаны пайдаланғысы келді. Басқаша сөзбен айтқанда, қайта тұрғызу жұмыстарына құмар ойындардан, жезөкшеліктен, ұрлықтан, ысырыпшылдықтан түскен ақшалар қолданбау керек болды. Алайда надан құрайыштықтардың күнәға батқандары соншалық, аса бай сауда-саттық қаласында «таза» ақша табыла қоймады. Олар Қағбаның кішкентай көрінісін тұрғызып, бастапқы кейпін көрсету үшін балшықтан қабырға салды. Бұл Исмайылдың (а.с.) Хиджры деп аталады. Өмірінің соңына қарай пайғамбарымыз (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын) Қағбаны бастапқы кейпіндей етіп өзгерткісі келген еді, бірақ үлгермей өмірден озды. Абдулла ибн Зүбәйр кезіндегі қысқа уақытты есептемегенде, Қағба пайғамбар (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын) оны соңғы рет көрген көріністе тұр.



Қағбаның тарихы өткенді еске алатын жәй ғана әңгіме емес. Ол жер бетіндегі мұсылмандардың ортақ рәмізі. Ол бізді өткенмен байланыстырып, болашақ мақсатымызды еске салады. Бүгінгі таңда, мұсылмандар бір-бірінен алшақтаған уақытта, ол біздің ортақ құндылығымыз. Ол – біз өте қажет ететін, бірлігіміздің рәмізі.



**НАЗАРЛАРЫҢЫЗГА
РАХМЕТ!!!**

РАХМЕТ!!!

